

2014 ЖЫЛДЫҢ 6 АЙЫНЫҢ НӘТИЖЕЛЕРІ

ЖАУАПКЕРШІЛІКТІ ШЕКТЕУ

МАҢЫЗДЫ: Ақпаратты көшіруге, таратуға, жариялауға немесе кез келген тұлғаға тікелей немесе жанама және қандай да болсын бір мақсаттарда тұтастай немесе бөлігі бойынша беруге тыйым салынады

Ақпаратты компания дайындаған және ешқандай да тарап өзіне жауапкершілік алмайды және осы ақпараттағы деректердің мазмұнына қатысты, оның ішінде оның нақтылығына, толықтығына немесе шынайылығына қатысты кез келген басқа компанияға қатысты жасалған немесе жасалатын сияқты тікелей немесе жанама растамалар немесе кепілдіктер бермейді және осы құжатта және осы тұсаукесерде ештеңе де өткенге немесе келешекке қатысты осындай жоспарды уәде беру немесе куәландыру ретінде бағалануы мүмкін емес.

Ақпаратта болашақта дамуға қатысты мәлімдемелер баяндалған. Ақпаратта мәлімдемеге енгізілгендердің тарихи фактілерде атап көрсетілгендері болашаққа болжамдар болып табылады. Болжамдық мәлімдемелер компанияның ағымдағы күтулеріне және оның қаржылық жағдай, операциялардың нәтижелері, жоспарлары, мақсаттары, болашақ көрсеткіштері мен бизнесіне қатысты жобаларға сәйкес келеді. Бұл мәлімдемелер өзіне шектеусіз, осының алдындағы немесе «мақсат», «пайымдау», «күту», «көздеу», «ниеттену», «бәлкім», «болжамдау», «есептеу», «жоспарлау», «жоба», «болады», «болуы мүмкін», «ықтимал», «болуы тиіс», «мүмкін» және басқа да сөздер мен терминдерді ұқсас мәндерімен және оларды теріске шығаруымен кез келген мәлімдемелерді өзіне қосуы мүмкін. Осыған ұқсас болжамдар белгілі және белгісіз тәуекелдермен, белгісіз факторларымен және компанияның болжанатын нәтижелерінен, өнімділігінен немесе осыған ұқсас болжамдық мәлімдемелерде тікелей немесе жанама баяндалатын басқа маңызды факторлардан, өнімділіктен немесе жетістіктерінен маңызды ерекшеленуге алып келуі мүмкін. Мұндай болжамдық мәлімдемелер компания болашақта жұмыс істейтін ортаға және компанияның ағымдағы және болашақтағы іскерлік стратегиясына қатысты болжамдардың көпшілік санына негізделеді.


Осы арқылы ақпараттың немесе ондағы баяндалған пікірлердің объективтілігіне, нақтылығына, негізделгендігіне немесе толықтығына қатысты ешқандай айқын немесе тұспалдайтын растамалар мен куәландырулар берілмейді. Ақпарат тәуелсіз тексерістен өтпеген және түзетуге жатпайды. Ақпарат, оның ішінде болжамдық мәлімдемелерді қоса алғанда тек осы құжатта мерзімі көрсетілген күнге ғана жарамды және болашақ нәтижелерге қатысты қандай да бір растамаларды беруге арналмаған. Компания ақпаратқа енгізілуі мүмкін және компанияның болжамдарындағы өзгерістер не қандай да бір шығуы мүмкін немесе оқиғалардың, жағдайдың немесе талаптардың өзгеруінен қандай да бір түзетулерді жариялау ниетінде емес және болжамдық өтініштер немесе кез келген қаржылық ақпаратты қосқанда ақпаратқа толықтырулар немесе түзетулерді тарату жөніндегі қандай да міндеттемелерден немесе уәде етулерден екіұштылықтан, сондай-ақ осы құжатта күні қойылған күннен кейін туындаған өзге оқиғалар немесе жағдайлардан бас тартады. Осы Ақпаратта баяндалған нарықтық деректер және нақтылы негізге тіркелмегендері тәуелсіз тексеруден өтпеген компанияның өзі құрастырған бағалау көрсеткіштері болып табылады.

МАЗМҰНЫ

1. МАКРОЭКОНОМИКАҒА ШОЛУ
2. ЕУРАЗИЯЛЫҚ БАНК
3. НЕГІЗГІ ҚАРЖЫЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕРДІҢ СЕРПІНІ
4. КРЕДИТТІ ӨТЕУ ҚАБІЛЕТТІЛІГІНІҢ БАСТЫ КӨРСЕТКІШТЕРІ

Қосымшалар

- 2014ж. алты айының ішіндегі деректер шоғырландырылған, аудиттелмеген, ҚЕХС стандарттары бойынша дайындалған болып табылады.
- 2009-2013жж. деректер, егер өзгедей көрсетілмесе, аудиттелген KPMG шоғырландырылған қаржылық есептілікке сәйкес келеді
- Осы тұсаукесерде қолданылатын бағам USD/KZT: 1/153.61-ге тең (30.06.2014ж. Ұлттық Банк бекіткен жағдай бойынша).
- Осы тұсаукесерде қаржылық есептілікке жататын «қаржылық деректер ҚРҰК сәйкес» сілтемелер Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінің қаржылық есептілігінің талаптарына сәйкес дайындалған. Банк осы тұсаукесерде қаржылық ақпаратты ҚРҰБ сәйкес Қазақстанның басқа банктерімен салыстыру үшін береді. Тұсаукесерде берілген барлық қаржылық ақпарат, ҚРҰБ талаптарының шеңберінде ұсынылды деп айқын ескертілгендерінен басқа жағдайларда, ҚЕХС өлшемдеріне сәйкес келеді.




МАКРОЭКОНОМИКАҒА ШОЛУ



ҚАЗАҚСТАН: 30.06.2014ж. МАКРОЭКОНОМИКАҒА ҚЫСҚАША ШОЛУ

ЖІӨ, сомасы	38,6 триллион теңге
Жұмыссыздық	экономикалық белсенді халықтың 5.1%
Банктік активтер/ ЖІӨ	43.7%
Тәуелсіз рейтингтер	Fitch: BBB+ «Тұрақты» болжам S&P: BBB+ «Жағымсыз» болжам Moody's: Baa2 «Жағымды» болжам
Кредиттер бойынша мерзімі кешіктірілгендер	кредиттердің жалпы көлемінен 32.2%
5 ірі банктің банктік сектордың жиынтық активтеріндегі үлесі	55.4%

ЖІӨ ӨСУІ, жылдық бейнелеуде




БАНКТІК СЕКТОРДАҒЫ КРЕДИТТІК ПОРТФЕЛЬДІҢ ҚҰРЫЛЫМЫ: 30.06.2014ж.



БАНКТІК АКТИВТЕР МЕН КРЕДИТТЕРДІҢ ЭВОЛЮЦИЯСЫ

billions of tenge





ЕУРАЗИЯЛЫҚ БАНК



ЕУРАЗИЯЛЫҚ БАНКТИҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

■ 30.06.2014 ж. жағдай бойынша активтердің көлемі жөнінен тоғызыншы банк.

■ 1994 жылы ENRC тобының акционерлері табиғи ресурстар мен тау-кен өнеркәсібі саласында үлестес компанияларға қаржылық қызметтер көрсету үшін құрылған. Қазіргі уақытта ENRC компаниясының тобы Банк бизнесінің шамалы бөлігімен ғана айналысады.

■ Банк қазіргі уақытта корпоративтік клиенттерге, ШОБ және жеке тұлғаларға банктік қызметтердің барлық түрін ұсынады.

■ 30.06.2014ж. жағдай бойынша Банкте қызметтердің толық спектрін ұсынатын 20 филиал, 145 бөлімше, 439 банкомат, 271 төлем терминалы және 2 400-дан аса басқа сату орындары бар. Қызметкерлердің штаты – 5,700 адамнан асады. Ресейдің Москва қ. еншілес банкі, Новосибирскіде филиалы бар.

■ Бәсекелестермен салыстырғанда халықаралық шкала бойынша тұрақты рейтингтер: 30.06.2014ж. жағдай бойынша B1 (Moody's), B+ (S&P), BB+ (KZ-Rating).

ҚЕХС, 30.06.2014	млн. теңге	АҚШ млн. доллары
Активтердің барлығы	672,455	3,664
Жарғылық капитал	30,110	164
Меншік капиталдың барлығы (оның ішінде бөлінбеген табыс)	61,251	334
Капиталдың жеткіліктілігі, 1-деңгей (ҚҰБ ҚБК)(1)	8.2%	
Капиталдың жеткіліктілігі, барлығы (ҚҰБ ҚБК)	12.2%	
Таза пайыздық маржа (NIM)	7.3%	
Мерзімі кешіктірілген кредиттер(2)	10.2%	

(1) ҚБК ережесі бойынша, ағымдағы жылдың пайдасы енгізілмейді

(2) Клиенттерге берілген құнсызданған кредиттердің баластық құны құнсыздануға резервтер шегерілгенге дейін, 90 күннен аса мерзімі кешіктірілген кредиттер.

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ МАРАПАТТАР 2012-2013гг.

2013ж. ҚАЗАҚСТАННЫҢ
ҮЗДІК ҮЗДІК БАНКІ
«EMEA Finance» марапаты



2012-2013жж. ҚАЗАҚСТАННЫҢ
ҮЗДІК БӨЛШЕК БАНКІ
«Asian Banking & Finance» марапаты



2012ж. ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ЖЫЛ БАНКІ және
ҚАЗАҚСТАННЫҢ ҮЗДІК БАНКІ
«The Banker» және «Euromoney» марапаттары



ФИЛИАЛДАРДЫҢ ЖЕЛІСІ



ДӘЙЕКТІ СТРАТЕГИЯ

ӨСУ

Орташа мерзімдік перспективадағы нарықтың үлесі 5-6%

Ресей Федерациясына орташа мерзімдік бағдарланумен ТМД өңірлеріне одан әрі қарай кеңейту

Қаржыландыру көздерін әртараптандыру

Ірі банктердің стратегиясын өзгерту талаптары кезінде перспективалары

АКТИВТЕРДІҢ САПАСЫ

Тәуекелдерді басқару жүйесін нығайту

АТ біріктірілген жүйесі

Қызметкерлердің жоғары кәсіби біліктілігі және іскерлік мәдениеті

Кредиттік портфельді және кредиттік тәуекелдерді қалыптастыруға Консервативтік тәсіл

ӘМБЕБАП БАНК

Қазақстанда желілерді кеңейту

Бар клиенттік базаның шеңберінде тоғыспалы сатулар

Инновациялық өнімдер және жоғары сапалы қызмет көрсету

Бизнестің өсуін және жаңа өнімдерді әзірлеуді қолдау үшін АТ тұрақты инфрақұрылымы

Корпоративтік, ШОБ және бөлшек бизнес арасындағы балансты сақтау

КОРПОРАТИВТІК СЕГМЕНТ

Ерекше назар табиғи ресурстар, энергетика, көлік және ауыл шаруашылығы секторларына аударылады

Нарықтың үлесін иелену үшін оңтайлы уақыт

Ағымдағы есеп айырысу шоттары мен депозиттерге қорландыру базасы қолдау көрсетеді

ШАҒЫН ЖӘНЕ ОРТА БИЗНЕС

Шағын және орта бизнес нарығына іріктелген тәсіл

Тәуекелдің пост-дағдарыстық серпіні есебімен болашақта кеңейту үшін клиенттік базаны талдау және құру

«Самұрық-Қазына» және «ДАМУ» қорларымен бірігіп мемлекеттік қолдау бағдарламаларына қатысуға салмақталған тәсіл

ПРИВАТ БАНКИНГ

Дәулетті клиенттер үшін өнімдік желі енгізу

Корпоративтік клиенттер мен жеке тұлғалар үшін өнімдерді тоғыспалы сату

БӨЛШЕК СЕГМЕНТ

«Просто Кредит» бизнесті сатып алу есебінен тұтынушылық кредит беруді дамыту

Төлем қабілеттілігіне есеп айырысуға сүйенумен жақсартылған скор-карталардың негізінде жаңа өнімдерді жасау

Филиалдар мен банкоматтардың желілерін, осыған ұқсас сату көздерін кеңейту

НЕГІЗГІ ОҚИҒАЛАР

ӨЗГЕРІСТЕР ХРОНИКАСЫ

- 2009ж. аяғында жаңа басшылықтың келуі Банктің жағдайын - 2009ж. залалдардан нарықта капиталдың табыстылығы⁽¹⁾ бойынша жетекші көрсеткіштердің біріне дейін толықтай өзгертті. 30.06.2014ж. жағдай бойынша Банк таза пайыздық маржа бойынша (NIM) 7-орын алып, 7.6% деңгейіне дейін өсті, сол уақытта бұл көрсеткіш осыған ұқсас кезеңде тұтастай алғанда банктік сектор бойынша 5.7% -ды құрайтын⁽¹⁾.
- Басқарма төрағасы Майкл Эгглтон, тәжірибелі батыс менеджері, бұрын Merrill Lynch, Credit Suisse банктерінде және Ұлттық Банк Трастта жоғары басшылық орындарда қызмет істеген.
- Роман Машчык Банктің жұмысына тәуекел-менеджментке жетекшілік ететін Басқарма Төрағасының орынбасары ретінде кірісті. Ол бұрын ірі ресейлік, поляк және украиндық банктерде тәуекел-менеджмент саласында басқарушылық лауазымдар атқарды. Машчык мырза Еуразиялық банкте тәуекелді басқарудың халықаралық стандарттарын енгізді. Сондай-ақ Банкте Басқарушы директор, АТ-қа жетекшілік ететін Герман Тишендорф пен операциялық блокқа жетекшілік ететін Басқарушы директор Ромэн Оше жұмысқа кірісті.
- ТМД елдерін қоса алғанда, халықаралық нарықта банктік жұмыста мәнді тәжірибені иеленген басшы Саймон Александр Вайн 2013ж. Директорлар кеңесінің құрамына кірді. 2014ж. өз мансабын KPMG серіктесі ретінде аяқтаған, Қазақстан мен Орта Азияның жұмысына жетекшілік еткен Алан Боуэн Директорлар кеңесінің құрамына кірді.
- Жаңа басшылық қамтамасыз еткен шығындар мен артық өтімділікті қысқарту нәтижесінде шығындардың табыстарға арақатынасы 2010ж. аяғындағы 75,7%-дан 30.06.2014ж. жағдай бойынша 58,4%-ға дейін қысқарды, ал таза пайыздық маржа осыған ұқсас кезең ішіндегі 2,4%-дан 7,3%-ға дейін жоғарылады.
- 2010ж. аяғынан бастап Банктің кредиттік портфелі бөлшек кредит беру портфелі диапазонда 40-67%-ға өскен кезде, жыл сайын 20-37%-ға өсіп отырды.

ТҰТЫНУШЫ- ЛЫҚ КРЕДИТ БЕРУ АУМАҒЫН- ДАҒЫ САРАПШЫ

- Банк тұтынушылық және автокредит берудің жылдам өсуіне және жоғары табысты орын болуына маңызды қатысушы болады.
- Бөлшек кредиттердің мерзімі кешіктірілмеген портфелін және «ПростоКредит» сауда белгісін сатып алу Бянке жұмыс істейтін бизнес берді, ол 2011ж. бастап Банктің кредиттік портфелінің маңызды дәрежеде өсуіне алып келді.
- Басшылықтың ағымдағы командасы кезінде соңғы төрт жыл ішінде Банктің клиенттері шамамен алғанда алты еседей көбейді. 30.06.2014ж. жағдай бойынша бірегей клиенттердің саны (шоттардың саны клиенттердің санынан жоғарылайды) 994,063-ке жетті.
- 2010 жылғы дейін берілген қарыздар бойынша мерзімі кешіктірілген кредиттердің⁽²⁾ саны 46.2%-дан⁽³⁾ ы 2010-30.06.2014жж. Кезеңіндегі жаңа менеджменттің биоасшылығымен берілген қарыздар бойынша 8.4%-ға дейін жетті⁽³⁾, бұл ретте осы кезең ішіндегі берілген кредиттердің жалпы сомасынан мерзімі кешіктірілген бөлшек кредиттердің осы көрсеткіші небәрі 3.9%-ды⁽³⁾ құрады.
- Клиенттердің тікелей Банктің желісі арқылы жүргізетін төлемдерінің саны айтарлықтай өсті. Төлем терминалдары 2012ж. енгізілген, бұл ретте Банктің төлем терминалдары арқылы жүргізілген операциялардың саны 311.5%-ға өсті және 2012-30.06.2014жж. аралығында 7.8 млрд. теңге көлеміне қол жеткізді.

(1) ҚРҰБ есебі стандарттарын пайдалана отырып, қазақстандық банктердің қызметінің шоғырландырылмаған нәтижелеріне негізделген.

(2) Негізгі борыш бойынша 90 күннен аса мерзімі кешіктірілген кредиттер

(3) 01.07.2014ж. жағдай бойынша қалдықтар

ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУДЫҢ ТИІМДІ ТЕТІГІ

- Жаңа басшылық кредиттік өтінімдердің көпшілігіне 12-30 минуттың ішінде өңдеу жүргізуге мүмкіндік беретін бөлшек клиенттердің автоматты скорингі жүйесін әзірледі және енгізді. ШОБ жүйесі 2012ж. толықтай пайдалануға енгізілді.
- Кредиттік портфель бизнестің сегменттері, салалары бойынша да, сондай-ақ география бойынша да әртараптандырылды. 2013ж. аяғында Банк нарықта алғашқылардың бірі болып стандартты бөлшек қарыздарды қайта табыстау және қызмет көрсету бойынша бірегей бағдарламаны іске қосты. Бағдарлама Банкке мәміле жабылғаннан кейін сервистік қызмет көрсету бойынша комиссияны қоса алғанда, жоғары табысты бөлшек бизнестен артықшылық алуды жалғастыруға, бұл ретте бизнес сегменті мен тәуекелдерді бақылаудың арасында қажетті балансты сақтауға мүмкіндік береді.
- 90 күннен аса мерзімі кешіктірілген кредиттерді өндіріп алу рәсімі әрекетке енгізілген қаржылық тиімділік 30.06.2014ж. жағдай бойынша 89,3% -ды құрады.
- 30.06.2014ж. жағдай бойынша несиелік портфельден мерзімі кешіктірілген кредиттердің үлесі 9,1%⁽¹⁾-ды құрады, сол уақытта банктік сектор бойынша тұтастай ұқсас кезеңдегі бұл көрсеткіш 32,2%-ды⁽¹⁾ құрады.
- Қаржылық дағдарыстың басталуы сәтінен бастап халықаралық рейтингтік агенттіктер рейтингін ешқашан төмендетпеген Қазақстандағы аздаған банктердің бірі.

ӨТІМДІЛІКТІҢ СЕНІМДІ ҰСТАНЫМЫ

- Қаржылық дағдарыс кезінде және 2014ж.⁽²⁾ ақпандағы девальвациядан кейін өтімділіктің өзгеріссіз жоғары деңгейі.
- Басшылық шамадан тыс өтімділіктің кері салдарларын жеңілдету үшін шығынды бөлшек салымдары бойынша мөлшерлемелерді төмендету саясатын енгізді және мөлшерлемелердің ауытқуларын аз сезінетін корпоративтік клиенттерді қаржыландыруға тартуды басты бағыт жасады. Нәтижесінде міндеттемелердің құны мәнді қысқарды, бұның банктің таза пайыздық маржасы және оның жалпы табыстылығы үшін оңды тиімділігі болды.
- Банктің негізгі корпоративтік салымшыларымен, оның ішінде «Самұрық-Қазына» қорымен және ENRC компаниялар тобымен тұрақты қатынастар орнатылған. Приват банкинг бизнесі есебінен өтімділік көздерін одан әрі қарай әртараптандыру.
- Банктің депозиттік базасы 19% теңгенің девальвациясына және одан кейін кейбір қазақстандық банктерден қаражаттарды жаппай алып алуға қарамастан 2014ж. басынан бастап 14,8%-ға жоғарылады. Банктің өтімділігі 2014ж. I-тоқсанның аяғындағы 26,7%-дан бастап 30.06.2014ж. жағдай бойынша 16,6% қолайлы деңгейге дейін төмендеді.

АКЦИОНЕРЛЕРДІ ТҰРАҚТЫ ҚОЛДАУ

- Акционерлерді қолдау – бұл Банктің шешуші бәсекелестік артықшылықтарының бірі.
- 2012 жылғы маусымда Банктің акционерлері капиталды 5,9 млрд. теңгеге (39 млн. АҚШ доллары) өсірді⁽³⁾
- 2013ж. Банк 2010 ж. қаржылық сауықтыру басталған сәттен бастап алғаш рет 2 млрд теңге мөлшерінде дивидендтер төледі. 2014ж. мамырда Банк 1,5 млрд теңге мөлшерінде (2013ж. алынған табыстардан 12%-ға жуық) тағы да бір дивиденд төледі.
- Банктің акционерлері Forbes миллиардерлерінің тізіміне енген Қазақстанның экономикасына негізгі қатысушылар болып табылады.

⁽¹⁾ ҚР ҰБ есептік стандарттарын қолданумен дайындалған Қазақстанның банктерінің шоғырландырылмаған нәтижелерінің негізінде


⁽²⁾ 2014ж.11 ақпанда ҚР ҰБ бір АҚШ доллары үшін 185 ± 3 теңге деңгейінде жаңа айырбастау бағамын бекітіп, 19%, теңгенің АҚШ долларына қатысы бойынша девальвация жүргізді

⁽³⁾ USD/KZT: 30.06.2012ж. жағдай бойынша ҚРҰБ бағамы 1/149,42 .


30.06.2014 ж. ҚАЗАҚСТАНДА ҰҚСАС БАНКТЕРГЕ ҚАТЫСТЫ НАРЫҚТАҒЫ ЖАҒДАЙ (ҚБК, шоғырландырылмаған деректер)

ТАЗА ПАЙДА КӨЛЕМІ БОЙЫНША 15 ТОП БАНК


млрд. теңге




АКТИВТЕР БОЙЫНША НАРЫҚТЫҢ ҮЛЕСІ



ДЕПОЗИТТЕР БОЙЫНША НАРЫҚТЫҢ ҮЛЕСІ⁽¹⁾



КРЕДИТТЕРДІҢ ЖАЛПЫ КӨЛЕМІ БОЙЫНША НАРЫҚТЫҢ ҮЛЕСІ⁽²⁾



⁽¹⁾ SPV депозиттерінен басқа

⁽²⁾ Несиелік портфельге РЕПО мен банкарлық операциялар кіреді


ДАҒДАРЫСТЫҚ ОРТАДА ӨСУДІҢ ТҰРАҚТЫ ҚАРҚЫНДАРЫ

Жаңа басшылықтың келуімен клиенттік қызметтер мен тұрақты қаржылық нәтижелерге қатысты өсу, бизнестің жаңа бағыттары, активтердің сапасын қатаң бақылау, инновациялық тәсіл бойынша өзінің көшбасшылық тұжырымдарын үнемі растайды.

- 2014ж. алты айының ішінде пайданың таза көлемі 3,2 млрд. теңгені (17,5 млн. АҚШ доллары) құрады, Банктің бюджетіне сәйкес 2014ж. аяғында таза пайданың сомасы 14 млрд. теңгені (76,3 млн. АҚШ доллары) құрайды.
- Таза пайыздық табыс 2013ж. осыған ұқсас кезеңінің нәтижелерімен салыстырғанда 2014ж. алты айының ішінде 9,6%-ға өсті, бұл ретте 2014ж. алты айының ішінде пайыздық табыс 19,1%-ға өсті. Көрсеткіштің жақсару факторлары кредиттік портфельдің тұрақты өсуі, бөлшек портфельдің өсуінен онды салым және ағымдағы залалдардың қысқаруы болып табылады.
- Клиенттерге берілетін кредиттер жалпы пайыздық табыстың 98%-нан артығын құрады.


АКТИВТЕР МЕН КРЕДИТТЕРДІҢ ӨСУІ

млрд. теңге



ТАЗА ПАЙДА СЕРПІНІ


млрд. теңге



Жаңа басшылықтың келуі

ТАЗА ПАЙЫЗДЫҚ ТАБЫС СЕРПІНІ

млрд. теңге



ӨСУ САПАСЫ

•Банктің кредиттік портфелі⁽⁴⁾ барлық сектордың портфелінің, сондай-ақ кейбір ірі банктердің өсуінің көрсеткішімен 60%-бен салыстырғанда 2010-06/30/2014⁽⁴⁾ жылдар аралығында 136%-ға өсті.


•Қазақстанның банктерінің балансындағы есептелген пайыздық табыстардың маңызды көлемі сектордағы кредиттер көлемінің жалпы өсуіне қарамастан тәуекел факторы болып қалады.

•Еуразиялық банк алынған пайыздардың (Ақша қаражатының қозғалысы) есептелген пайыздық табыстарға (Пайда мен шығын туралы есептер) арақатынасын мұқият қадағалайды және оны активтердің сапасының маңызды көрсеткіштерінің бірі деп есептейді.


•Кестеде оннан жоғарыға қарай 15 жетекші банктің есептелген пайыздарының активтерге арақатынасы көрсетілген. Анығы, осы көрсеткіш бойынша Еуразиялық банк алғашқы орындардың бірін иеленгені.

•Алынған және есептелген пайыздық табыстардың арасындағы айырмашылықты 10%-дан кем деңгейде ұстап тұруы оның кредиттік портфелінің сапасын бейнелейтін Банктің басты жетістіктерінің бірі болып табылады.


АЛЫНҒАН ЖӘНЕ ЕСЕПТЕЛГЕН ПАЙЫЗДЫҚ ТАБЫСТАРДЫҢ АРАСЫНДАҒЫ АЙЫРМАШЫЛЫҚ ⁽¹⁾ 30.03.2014ж. АКТИВТЕР БОЙЫНША ТӨП-10 БАНКТЕРДІҢ АРАСЫНДА ⁽²⁾



АЛЫНҒАН ЖӘНЕ ЕСЕПТЕЛГЕН ПАЙЫЗДЫҚ ТАБЫСТАР АРАСЫНДАҒЫ АЙЫРМАШЫЛЫҚ



НЕСИЕЛІК ПОРТФЕЛЬДІҢ ӨСУІ (ПРОВИЗИЯ ЕСЕБІНСІЗ) ⁽³⁾ АКТИВТЕР БОЙЫНША ТӨП-10 БАНКТЕР: 2010-30.06.2014жж. ⁽⁴⁾



⁽¹⁾ Полученный доход (Движение денежных средств)/начисленный доход (Отчет о прибылях и убытках)


⁽²⁾ ҚЕХС стандарттары бойынша Қазақстанның банктерінің шоғырландырылған аудиттелмеген соңғы қолжетімді нәтижелеріне негізделген.

⁽³⁾ СНЕсиелік портфельге РЕПО және банкаралық операциялар кіреді

⁽⁴⁾ ҚР ҰБ есептік стандарттарын қолданумен дайындалған Қазақстанның банктерінің шоғырландырылмаған нәтижелеріне негізделген

ҚАРЖЫЛЫҚ ТҰРАҚТЫЛЫҚТЫ НЫҒАЙТУ

ҚОРЛАНДЫРУ СЕРПІНІ




НЕГІЗГІ КӨРСЕТКІШТЕР

	2010	2011	2012	2013	30.06.2014
Өтімді активтер/Активтердің барлығы	33.2%	24.9%	19.7%	20.7%	16.6%
Кредиттер (провизия есебімен)/ Активтердің барлығы	65.8%	76.1%	81.5%	79.5%	83.8%
Кредиттер (провизия есебімен)/ Клиенттердің ағымдағы шоттары және депозиттері	95.5%	114.5%	121.9%	115.7%	121.4%
Таза пайыздық маржа	2.4%	6.3%	7.8%	9.3%	7.3%
Шығындар/табыстар арақатынасы	75.7%	52.2%	55.2%	51.4%	58.4%
Капиталдың табыстылығы, ROAE	2.2%	21.0%	24.7%	24.7%	10.7%
Активтердің орташа құнына пайда, ROAA	0.2%	1.7%	2.3%	2.5%	1.0%


РЕЙТИНГТЕР

	Moody's	Standard & Poor's	KZ Rating
Қысқа мерзімді	NP	B	Ұлтт. шкала: A+
Ұзақ мерзімді	B1	B+	Халықаралық: BB+
Болжам	Жағымсыз	Тұрақты	Тұрақты


КАПИТАЛДЫҢ ЖЕТКІЛІКТІГІ⁽¹⁾




ТАЗА ПАЙЫЗДЫҚ МАРЖА



ШЫҒЫНДАРДЫҢ ТАБЫСТАРҒА АРАҚАТЫНАСЫ



⁽¹⁾ ҚРҰБ есебі стандарттарын пайдалана отырып, қазақстандық банктердің қызметінің шоғырландырылмаған нәтижелеріне негізделген.




НЕГІЗГІ ҚАРЖЫЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕРДІҢ СЕРПІНІ




АКТИВТЕР

- 30.06.2014ж. жағдай бойынша жиынтық активтер 31.12.2013ж. жағдай бойынша 588.6 млрд. теңгеден (3.2 млрд. АҚШ доллары) 14.2%-ға 672.5 млрд. теңгеге дейін (3.7 млрд. АҚШ доллары) көбейді.
- Басшылық баланстық көрсеткіштердің тиімділігіне жұмыс істеуді жалғастыруда. Соңғы төрт жылда Банк балансты аз табысты өтімділік активтерінен тазалады және кері спредті қысқартты. Осы стратегияның нәтижесінде клиенттерге қарыздардың үлесі (провизия есебімен кредиттер) активтердің құрылымында 2010ж. аяғындағы 59.8%-дан 30.06.2014ж. жағдай бойынша 77.6%-ға дейін өсті.
- Ерекше назар сырты нарықтың талаптарының есебімен өтімділік жайғасымын басқаруға аударылады. Таяудағы девальвациядан кейін Банк алдын алу шаралары ретінде өтімді активтердің деңгейін жоғарылатты. 30.06.2014ж. жағдай бойынша өтімділік жиынтық активтерден 16.6% деңгейде болды. Банктің міндеті өтімділіктің на уровне более 15%.


КРЕДИТТІК ПОРТФЕЛЬГЕ МЕРЗІМІ КЕШІКТІРІЛГЕН КРЕДИТТЕРДІҢ АРАҚАТЫНАСЫ (ПРОВИЗИЯ ЕСЕБІНСІЗ)⁽¹⁾



АКТИВТЕРДІҢ ҚҰРЫЛЫМЫ



КРЕДИТТІК ПОРТФЕЛЬДІ БӨЛУ



⁽¹⁾ Балансовая стоимость обесцененных кредитов, выданных клиентам, до вычета резерва под обесценение, с просрочкой более чем на 90 дней


КРЕДИТТІК ПОРТФЕЛЬ

- Кредиттік портфель (провизия есебінсіз) 2014ж.алты ай ішінде, негізінен бөлшек портфельдің өсуі есебінен бойынша 20,4%-ға өскен.
- Банк 2009-2010жж. ішінде негізінен қаржы дағдарысы уақытында кредиттік тәуекелдерді төмендету үшін ірі корпоративтік клиенттерге бағдарландырылды. Бірақ 2011ж. басынан бастап табыстылықты ұлғайтуға бағытталған жаңа стратегия мерзімі кешіктірілмеген бөлшек кредиттік портфельді және «ПростоКредит» сауда маркасын сатып алуға алып келді, мұның өзі өз кезегінде бөлшек кредит берудің көлемінің 2011ж. 67,7%-ға және 2014ж. алты айының ішінде 27,9%-ға өсуіне алып келді.
- Экономиканың қолайсыз салаларына, оның ішінде жылжымайтын мүлік пен құрылысқа кредит беру 30.06.2014ж. жағдай бойынша жалпы кредит портфелінен тиісті 0,2% және 5,9% құрайды (2013ж: жылжымайтын мүлік-0,3% және құрылыс-6,2%). Құрылыс жобаларына жол құрылысы, инфрақұрылымдық жобалар және электрмен қамту жатады.
- Екінші деңгейдегі банктер экспортер еместерге берілетін шетел валютасындағы кредиттер бойынша 20% мөлшерде резервтер құруға міндетті. Бұл 30.06.2014ж. бойынша кредиттік портфельден 22,4%-ға дейін шетел валютасындағы кредиттердің көлемін біртіндеп төмендетуді ақтайды.


30.06.2014ж. СЕКТОРЛАР БОЙЫНША КРЕДИТТІК ПОРТФЕЛЬДІҢ ҚҰРЫЛЫМ




СЕКМЕНТТЕР БОЙЫНША КРЕДИТТІК ПОРТФЕЛЬДІҢ ӨСУІ



30.06.2014ж. ӨТЕУДІҢ КҮТІЛЕТІН МЕРЗІМДЕРІ БОЙЫНША (ПРОВИЗИЯ ЕСЕБІМЕН) КРЕДИТТІК ПОРТФЕЛЬДІҢ ҚҰРЫЛЫМЫ



30.06.2014ж. ВАЛЮТАЛАР БОЙЫНША (ПРОВИЗИЯ ЕСЕБІМЕН) ҚҰРЫЛЫМ




ТҰТЫНУШЫЛЫҚ ЖӘНЕ АВТОКРЕДИТ БЕРУДЕГІ ЖЕТЕКШІ ҰСТАНЫМДАР

- Банк тұтынушылық және автокредит беруді қаржыландыруда жедел өсуге және жоғары табысты саланың шешуші қатысушысы болады.
- «ПростоКредит» мерзімі кешіктірілмеген кредиттік портфелін және «ПростоКредит» сату маркасын Société Generale-ден сатып алу Банкке көбінесе Банктің кредиттік портфелінің айтарлықтай өсуінің, клиенттік базаның жоғарылауының, филиалдық желіні дамытудың және Банктің халықтың арасында танымалдығын жоғарылатудың кепілі болған тіршілікке қабілетті бизнесті дамытуға мүмкіндік берді.
- Автомобильдер сатып алуға және қамтылмаған тұтынушылық кредиттерге кредиттердің үлесі 2010-30.06.2014жж. кезең ішіндегі жалпы бөлшек портфельден 6.2%-дан 79.6%-ға дейін өсті.
- Авиокредит беру аумағындағы инновациялық тәсілдің және «Көлігің бір күнде үйде» өнімін іске қосудың арқасында, Банк Қазақстандағы кредитке сатып алынған барлық автомобильдердің іс жүзінде жартысын қаржыландырады. Кредиттік портфельдің 30.06.2014ж. жағдай бойынша 27.9% өсуі (провизия есебінен), 40.4%-ға автокредит берудің есебінен өсті.


БӨЛШЕК КРЕДИТ БЕРУДІҢ БИЗНЕС-МОДЕЛІ

	Бөлшек (ипотекадан басқа)	Ипотека
Кредиттің сомасы	82 – 114,435 АҚШ доллары	\$817 АҚШ доллары – мүліктің құнынан <90%
Кредитті өтеу мерзімі	3 - 84 ай	1 - 240 ай
Айына берілетін кредиттердің орташа саны	38,982	23
Кредиттердің орташа сомасы	2,194 АҚШ доллары	47,123 АҚШ доллары
Кредиттерді өтеудің орташа мерзімі	48 ай	201 ай

БАНКТИҢ БІРЕГЕЙ КЛИЕНТТЕРІ⁽¹⁾



БӨЛШЕК КРЕДИТТЕР



⁽¹⁾ Банкте бір немесе одан да көп шоттары бар жеке және заңды тұлғалар бірегей клиенттер деп аталады

КРЕДИТТІК ПОРТФЕЛЬДІҢ САПАСЫ

30.06.2014ж. жағдай бойынша:

- Жиынтық кредиттік портфельден қамтылмаған кредиттердің үлесі - 24,5% (2013:28,6%).
- Қамтамасыз етілмеген кредиттердің жиынтық кредит портфельіндегі үлесі - 1,0% (2013:0,5%).
- LTV коэффициентінің орташа мәні (қамту кредиті/құны) - 47,5%. (2013:42,0%).Кепілдік қамтамасыз етуді қайта бағалау әрбір жарты жыл сайын өтеді.
- Қайта құрылымданған кредиттерді үлесі - провизияны шегергенге дейін кредиттік портфельден – 8.9% (2013:10.2%).
- Сокращение концентрации кредитов. Доля 10 крупнейших кредитов уменьшилась с 33.3% от ссудного портфеля (без учета провизий) на конец 2010г. до 21.2% по состоянию на 30.06.2014г.
- Стратегия Банка, как универсального финансового института, оказывающего полный спектр услуг, заключается в обеспечении баланса между различными сегментами бизнеса, формировании кредитного портфеля с примерно равными долями (50/50) корпоративного/МСБ бизнеса и розничного сегмента.

КРЕДИТТІК ПОРТФЕЛЬДЕГІ 10 ІРІ ҚАРЫЗ АЛУШЫНЫҢ ҮЛЕСІ



■ Қарыз алушылардың ондығы


■ Ақша қаражаттары кепілінен басқа қарыз алушылардың ірі ондығы

(1)


МЕРЗІМІ КЕШІКТІРІЛГЕН КРЕДИТТЕР⁽²⁾. ПРОВИЗИЯЛАР



КРЕДИТТІК ПОРТФЕЛЬДІ ЖІКТЕУ: КОРПОРАТИВТІК ЖӘНЕ ШОБ 30.06.2014ж.



КРЕДИТТІК ПОРТФЕЛЬДІ ЖІКТЕУ: БӨЛШЕК 30.06.2014ж.



- (1) Теңдей немесе қарыздың сомасынан асырылған сомаға ақша қаражаттарымен қамтылған қарыздар
- (2) 90 күннен аса мерзімі кешіктірілумен құнсыздануға резервті шегергенге дейін клиенттерге берілген құнсызданған кредиттердің баланстық құны
- (3) Қайтарылмайтын қарыздар

2010ж. ДЕЙІН ЖӘНЕ KEYІН БЕРІЛГЕН, 30.06.2014ж.БАЛАНСТЫҚ ЕСЕПKE ЕНГІЗІЛГЕН КРЕДИТТЕРДІң САПАСЫ⁽¹⁾


2010ж. ДЕЙІН БЕРІЛГЕН КРЕДИТТЕР

	Банк	Корпоративтік	ШОБ	Бөлшек
Негізгі борыш, млн. теңге	56,408	34,508	11,958	9,942
Мерзімі кешіктірілген кредиттер, млн. теңге	18,275	3,802	9,879	4,594
% мерзімі кешіктірілген кредиттер	32.4%	11.0%	82.62%	46.2%


2010-30.06.2014жж. БЕРІЛГЕН КРЕДИТТЕР

	Банк	Корпоративтік	ШОБ	Бөлшек
Негізгі борыш, млн. теңге	480,108	181,052	29,380	269,675
Мерзімі кешіктірілген кредиттер, млн. теңге	30,437	4,855	3,036	22,545
% мерзімі кешіктірілген кредиттер	6.3%	2.7%	10.3%	8.4%

2010-30.06.2014жж. КЕЗЕңДЕ БЕРІЛГЕНДЕРМЕН САЛЫСТЫРҒАНДАҒЫ 2010ж. ДЕЙІН БЕРІЛГЕН КРЕДИТТЕРДІң КӨЛЕМІ



МЕРЗІМІ КЕШІКТЕРІЛГЕН КРЕДИТТЕР/ СЕГМЕНТТЕР БОЙЫНША КРЕДИТТЕРДІ БӨЛУ




МІНДЕТТЕМЕЛЕР

- Банк қаржыландыру көзі ретінде жергілікті депозиттік нарыққа сүйенеді. 30.06.2014ж. жағдай бойынша клиенттердің ағымдағы шоттары мен депозиттерінің үлесі міндеттемелерден 75,9%-ды құрады (2013:76.4%).
- 2014ж. алты айының ішінде бөлшек депозиттер мен ағымдағы шоттардың (өсу 25.9 млрд. теңгені немесе 18.4%-ды құрады) және корпоративтік депозиттер мен ағымдағы шоттардың (33.8 млрд. теңге немесе 12.8%) айтарлықтай өсуі байқалды. Корпоративтік клиенттердің депозиттер мен ағымдағы шоттардағы үлесі жалпы депозиттік базадан 64.1%-ды құрайды.
- Таяулағы теңгенің АҚШ долларына қатысты девальвациясы клиенттердің депозиттер мен ағымдағы шоттардағы үлесі АҚШ долларындағы депозиттерге жоғарылаған сұранысты есепке алғанда, 2013 ж. аяғындағы көрсеткіштермен салыстырғанда 7,9%-ға төмендеуіне алып келді.
- Клиенттердің алдындағы міндеттемелердің жалпы сомасындағы ірі корпоративтік депозиттердің ондығының үлесі үш жылдың ішінде 2010ж. аяғындағы 37.8%-дан 30.03.2014ж. жағдай бойынша 32.1%-ға дейін қысқарды.


МІНДЕТТЕМЕЛЕРДІҢ ҚҰРЫЛЫМЫ




АҒЫМДАҒЫ ШОТТАРДЫҢ ҚҰРЫЛЫМЫ




МЕРЗІМДІ ДЕПОЗИТТЕРДІҢ ҚҰРЫЛЫМЫ




ВАЛЮТАЛАР БОЙЫНША АҒЫМДАҒЫ ШОТТАРДЫҢ ЖӘНЕ ДЕПОЗИТТЕРДІҢ ҚҰРЫЛЫМЫ






КРЕДИТТІ ӨТЕУ ҚАБІЛЕТТІЛІГІНІҢ БАСТЫ КӨРСЕТКІШТЕРІ







20
табысты жыл
лет успеха
years of success

Eurasian Bank

ҚОСЫМШАЛАР




ҚЕХС бойынша БАЛАНСТЫҚ ЕСЕП

	30.06.2014 теңге, 000 (аудиттелмеген)	31.12.2013 теңге, 000 (аудиттелмеген)	жылдың басынан бергі % өзгеріс
АКТИВТЕР			
Ақша қаражаты және олардың баламасы	75,341,981	83,146,378	-9.39%
Әділетті құны бойынша пайда немесе шығын арқылы қаржылық құралдар	918,310	1,139,628	-19.42%
Сатуға қолжетімді қаржылық активтер	14,285,471	10,979,872	30.11%
Банктерге берілген қарыздар мен аванстар	6,760,656	2,922,373	131.34%
Клиенттерге берілген қарыздар	521,615,635	432,529,086	20.60%
Өтелгенге дейін ұсталатын инвестициялар	16,895,183	23,462,306	-27.99%
Ағымдағы салық активтері	1,155,024	1,284,278	21.08%
Негізгі құралдар және материалдық емес активтер	21,025,798	19,758,591	6.41%
Басқа активтер	14,057,071	13,410,896	4.82%
Барлық активтер	672,455,129	588,633,408	14.24%
АКТИВТЕР			
Әділетті құны бойынша пайда немесе шығын арқылы қаржылық құралдар	-	2,278	-100.00%
Банктердің шоттары және депозиттері	18,374,265	14,116,633	30.16%
«РЕПО» мәмілелері бойынша кредиторлық берешек	26,287,106	8,803,285	198.61%
Клиенттердің ағымдағы шоттары және депозиттері	464,431,910	404,673,786	14.77%
Шығарылған қарыздық бағалы қағаздар	32,560,038	32,786,356	-0.69%
Шығарылған бағынышты қарыздық бағалы қағаздар	35,447,954	35,669,288	-0.62%
Басқа тартылған қаражаттар	21,575,459	21,410,349	0.77%
Кейінге қалдырылған салық міндеттемелері	13,333	257,542	-94.82%
Басқа міндеттемелер	12,513,841	12,095,527	3.46%
Барлық міндеттемелер	611,203,906	529,815,044	15.36%
МЕНШІКТІК КАПИТАЛ			
Акционерлік капитал	30,110,207	30,110,207	0%
Эмиссиялық табыс	25,632	25,632	0%
Жалпы банктік тәуекелдер бойынша резерв	8,234,923	8,234,923	0%
Серпінді резерв	6,733,233	6,733,233	0%
Сату үшін қолда бар қаржылық активтерді қайта бағалау бойынша резерв	(23,247)	(51,653)	-54.99%
Берілген деректерді валютаға аудару бойынша жинақт алған резерв	503,154	(182,251)	-376.08%
Бөлінбеген табыс /(Жинақталған залалдар)	15,667,321	13,948,273	12.32%
Барлық меншіктік капитал	61,251,223	58,818,364	4.14%
Міндеттемелердің және меншіктік капиталдың барлығы	672,455,129	588,633,408	14.24%

ҚЕХС бойынша ТАБЫСТАР ТУРАЛЫ ЕСЕП

	30.06.2014 теңге, 000 (аудиттелмеген)	30.06.2013 теңге, 000 (аудиттелмеген)	жылдық есептеудегі % өзгеріс
Пайыздық табыстар	37,235,859	31,254,597	19.14%
Пайыздық шығындар	(18,314,033)	(13,986,035)	30.95%
Таза пайыздық табыстар	18,921,826	17,268,562	9.57%
Комиссиялық табыстар	4,918,569	6,210,794	-20.81%
Комиссиялық шығындар	(1,162,277)	(748,922)	55.19%
Таза комиссиялық табыс	3,756,292	5,461,872	-31.23%
Қаржылық құралдар бойынша пайда немесе шығын арқылы нақты құны бойынша таза (залал)/табыс	(10,198)	7,631	-233.64%
Шетел валютасымен операциялардан түскен таза пайда	1,988,959	1,334,708	49.02%
Қаржылық активтерді сату үшін қолжетімді таза (залал) / табыс	345	(274)	-225.91%
Ипотекалық кредиттерді сатудан түскен пайда	16,352	-	100.00%
Басқа операциялық (залалдар) / табыстар	129,969	(35,301)	-468.17%
Операциялық табыстар	24,803,545	24,037,198	3.19%
Материалдық құндылықтардың құнсыздануынан келген залалдар	(6,181,610)	(3,714,345)	66.43%
Қызметкерлерге шығындар	(8,255,208)	(7,317,496)	12.81%
Басқа жалпы әкімшілік шығындар	(6,223,722)	(4,874,372)	27.68%
Салық салынғанға дейінгі пайда	4,143,005	8,130,985	-49.05%
Пайдаға салық бойынша шығындар	(923,941)	(1,867,113)	-50.51%
Жыл бойындағы таза пайда	3,219,064	6,263,872	-48.61%
Қаржылық активтерді сату үшін қолжетімділікті қайта сату жөніндегі резерв:			
- Шынайы құнның таза өзгеруі	28,751	81,556	-64.75%
Шетел валютасымен операциялар бойынша бағамдық айырмашылықтар	(345)	274	-225.91%
Пайдаға салықты шегергенде кезең ішіндегі басқа жиынтық табыстардың барлығы	685,405	(206,549)	-431.84%
Жыл ішіндегі жиынтық табыстың барлығы	713,811	124,719	-672.34%
Қаржылық активтерді сату үшін қолжетімділікті қайта сату жөніндегі резерв:	3,932,875	6,139,153	-35.94%

ХОЛДИНГТІҢ ҚҰРЫЛЫМЫ



(1) Алиджан Ибрагимов, Александр Машкевич және Патох Шодиев Forbes миллиардерлерінің тізіміне енген. Олар бірігіп Евразиялық табиғи ресурстар корпорациясын (ENRC) құрған, биржада Қазақстан, Ресей, Қытай, Африка және Бразилияда мәнді қатысуымен (елдің ірі салық төлеушілерінің бірі) металдарды өндіру және сату жөніндегі компанияның жетекші топтарында тіркелген. Компания әлемдегі ең ірі феррохром өндірушілер мен темір рудасын экспорттаушылардың бірі болып табылады.

(2) Евразиялық қаржылық компания – Евразиялық банк, Евразиялық капитал, «Евразия» сақтандыру компаниясын қоса алғандағы холдингтік компания.

- «Евразия» сақтандыру компаниясы – Қазақстанның сақтандыру саласындағы көшбасшы, жергілікті және шетелдік нарықтарды өзінің қызметтерін көрсетеді.
- Евразиялық Капитал – брокерлік-делдалдық қызметті, сондай-ақ инвестициялық портфельді басқару жөніндегі қызметтерді көрсететін қазақстандық компания, Қазақстан қор биржасының мүшесі болып табылады.

ЕУАЗИЯЛЫҚ БАНКТИҢ ҰЙЫМДАСТЫРУШЫЛЫҚ ҚҰРЫЛЫМЫ

